

ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚХА және ӘГП кафедрасы

Слайд-дәріс

Пән: ФИЛОСОФИЯ

**Тақырыбы:
«ҚОҒАМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ»**

Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған



Лектор: аға оқытушы Н.Ж. Сарсенбеков

Қарағанды 2022

ЖОСПАР:

1. Қоғам философиялық ұғым ретінде. Қоғамның п.б. Туралы теориялар
2. Антикалық философиясындағы әлеуметтік ойлар.
3. Ортағасырлық көзқарас және Қайта өрлеу дәуіріндегі утопиялық теория
4. Жаңа заман әлеуметтік философиясы.
5. К.Маркс: таптық қоғам. К.Поппер «Ашық қоғам».
6. «Қоғамдық сана» ұғымы.
7. Қоғамның типтері.
8. Мәдениет – қоғам болмысының формасы.
9. Қазақтардың ұлттық мәдениеті – қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің негізі және оның «Рухани жаңғыру» жобасы аясында дамуы.

Әлеуметтік философия - қоғамдағы адамдардың өмір сүру жағдайы мен үрдістерін ұғынуға бағытталған философиялық білімнің маңызды саласы. Әлеуметтік философия табиғат және адам болмысының жалпы мәселелерін пайымдай отырып, адамдарды қоршаған және қамтыған басқа да шынайылықпен бірге қоғамның қатынасы мен байланыстарына ғана талдау жасап қоймайды, әрі әлемнің тұтас ерекше болмыстық түрі ретінде нақ тек адамдардың қоғамдық тіршілік әрекетіне тән ерекше заңдылықтар көрінісін де саралайды.

Зерттеу объектісі – қоғам. Қоғамды түрлі ғылым салалары зерттейді. Егер әр ғылым қоғамдық болмыстың өзіндік қырларын зерттесе, ал әлеуметтік философия қоғамды біртұтас негізде қарастыра отырып, адамдардың қоғамдық өмірінің дамуының жалпы заңдылықтарын зерттейді. Әлеуметтік философияның пәні – бұл қызмет ету және даму заңдарымен тұтас әлеуметтік жүйе ретіндегі қоғам болып табылады.

Әлеуметтік философия қоғамды өзіндік барлық қырлары мен қатынастары, құрылымдық ұйымдарының өзара байланысында, оның дамуының ең жалпы заңдылықтары, қайнарлары мен қозғаушы күштері, әлеуметтік жүйенің табиғатпен және тұтасымен әлеммен өзара әрекеттесуінде күрделі өзін-өзі ұйымдастырушы және өзін-өзі дамытатын жүйе ретінде зерттейді.

Қоғамды қарастыра отырып, әлеуметтік философия қоғамдық өмірдің 4 негізгі қырын зерттейді: 1-ден, «қоғам» ұғымының мазмұнын зерттейді: қоғамның жалпылама (теориялық) үлгісін философиялық талдаумен береді; 2-ден, қоғамдық үрдістердің мазмұны мен себептерін ашады. Бұл ретте қоғамның даму тарихын табиғат және табиғи үдерістерден ажыратуға, оның даму заңдарын табиғат заңдарымен теңдестіруге болмайды. Табиғатта стихиялық күштер мен объективті заңдылықтар бар сияқты, тарихты адамдар жасайды; 3-ден, қоғам өмірінің материалдық және идеалды факторларының арақатынасы.

Философтар қоғамдық үдеріс үшін анықтаушы – қоғамдық болмыс па немесе қоғамдық сана ма деген сауалға жауап береді. 4-ден, *адамның жасампаз және әлеуметтік қызметтің субъектісі (яғни белсенділік көзі) ретіндегі маңызы*. Себебі қоғам адамдармен қалыптасады. Адамзат тарихында субъективті фактордың рөлі үздіксіз өседі. Субъективті фактор жеке тұлғаның қызметінде көрінеді.

Қоғам – еңбек құралдарын жасауға және еңбек барысында оны пайдалануға қабілетті адамдарды біріктіру түрлері мен өзара әрекеттері тәсілдері тиісті табиғаттан оқшауланған, бірақ онымен тығыз байланыстағы материалдық дүниенің бір бөлігі. Сөздің кең мағынасында бұл тарихи қалыптасқан адамдарды біріктіру нысандары мен өзара әрекеттестіктің барлық түрлері мен жиынтығы. Тар мағынасында – әлеуметтік жүйенің тарихи нақты тұрпаты, әлеуметтік қатынастардың белгілі бір түрі.

Жалпы моральдық-этикалық өлшемдермен (қағидалары) біріктірілген адамдар тобы. Адамдардың бірігуі нәтижесіндегі бірлестігі қоғамның барлық жан-жақты мүмкіндігі бар кеңістігі қоғамдық болады, яғни бұл адамдар және олардың ұрпақтары үшін ортақ меншік, ал қалған барлық түрлері ұйымдасып аяқталмаған, қоғамның аяғына дейін қалыптаспаған болып саналынады. Әлеуметтік философияның міндеті -қоғам деген не, оның адам өмірінде қандай маңызы бар екенін түсіну. Болмыстағы барлық құбылыстардың ішінде анағұрлым күрделісі – қоғамдық өмір.

Қоғам - тұтас, серпінді және дамушы жүйе. Қоғам ғылымға белгілі жүйелердің ең күрделісі болып табылады. Ғылыми айналымда қоғамның көптеген анықтамалары бар. Ең қарапайымы: қоғам – бұл адамдар мен олардың өзара қарым-қатынасының жиынтығы. Қоғам, оның біртұтастығы жөніндегі түсінік – бұл философиялық ойдың ұзақ дамуының нәтижесі. Қоғам жекелеген бөліктерден тұратын реттелген тұтастық ретіндегі түсінік нышандары Антикалық Грекияда пайда болса керек. Мұндай көзқарастың пайда болу себебі: «бөлік» және «бүтін» – Ежелгі Грекияда негізі қаланған диалектикалық ойлау тәсілінің бірі.

Платон (б.д.д.428/7-347жж.) ілімінің негізгі тақырыптарының бірі - әділ (мінсіз) мемлекет. Платон - Сократтың шәкірті. Ол Афинада Сократты әділетсіз соттау сәтінен бастап Платонның өмірінің соңына дейін өзгеріске ұшырады. Идеалды мемлекет туралы теория Платонмен «Мемлекет» еңбегінде толығымен ұсынылған және «Заңдар» шығармасында жетілдірілген. Платон лайықты өмір тек жетілген мемлекетте ғана өмір сүре алатындығына сенімді бола отырып, Афина мектебінде өзінің шәкірттері үшін мінсіз мемлекет жағдайын жасайды.

Платон шын философияның шынайы саясатпен сәйкестігі туралы тезисті алға тартқан. Тек саясаткер философ болғанда (және керісінше) шындық пен ақиқаттың ең жоғары құндылығына негізделген шынайы мемлекет құра алады. Қала-мемлекет құру дегеніміз - адамды және оның ғаламдағы орнын толық білу. Мемлекет, Платонның ойынша, жан сияқты, 3 бөліктен тұратын құрылымға ие. Негізгі қызметтерге сәйкес (басқару, қорғау және материалдық тауарларды өндіру) халық 3 топқа бөлінеді: шаруалар-қолөнершілер, қамқоршылар және билеушілер (дана философтар).

Әділетті мемлекеттік құрылыс олардың үйлесімді өмір сүруін қамтамасыз етуі керек. Құмарлығы басым адамдар бірінші тапты құрайды. Егер оларда реттілік пен тәртіпке игі ұстамдылық басым болса, онда бұлар қадірлі адамдар. 2-ші тап ерік бастауы бар, ішкі және сыртқы қауіпсіздікке деген қырағылық — қарауылдық парызы бар адамдар құрайды. Платонның пікірінше, мемлекетті ең жақсы және ақылды азаматтар ретінде басқаруға тек ақсүйектер ғана міндетті.

Өз қалаларын басқаларға қарағанда жақсы көруді білетін және өз міндеттерін зор құлшыныспен орындай алатын адамдар ғана билеушілер болуы керек. Ең бастысы, егер олар Игілікті танып, пайымдай алса, онда оларда ақылды бастама басым болса онда оларды данышпан деп атауға болады. Бірінші тапта ұстамдылық, екіншісінде - батылдық пен күш, үшіншісінде – даналық басым түсетін мемлекет – нағыз мінсіз мемлекет.

Аристотель Платонның істеріне тәнті болса керек. Мемлекет Аристотельдің іліміне сәйкес адамдар арасындағы одақтың жоғарғы формасы болып табылады, бұл этиканың, адамның моральдық іс-әрекетінің жоғарғы мақсаты, тек мемлекеттік өмірде адам өз тағдырын орындауға мүмкіндік алады. Мемлекеттің негізі — отбасы, отбасылық өмір адамдардың табиғатымен белгіленген қатынастардың түрлеріне негізделген: бұл күйеуінің әйелге, ата-ананың балаларына, қожайынның құлдарға қатынасы.

Аристотель осы қатынастардың барлығын «Саясат» трактатында қарастырған. Аристотель Грекияның 3 басқару түрлерін көрсетеді: монархия, аристократия және полиция (ұстамды демократия). Оның ойынша, тирания, олигархия және шексіз демократия (оклократия) осы 3 тұрақты форманы бұрмалаушы. Ол аристократияға артықшылық береді, өйткені онда мемлекетті «ең жақсы» азаматтар басқарады.

Аристотель Платон сияқты, сөзсіз, белгілі жағдайда идеалды жүзеге асыруға мүмкіндіктің болуы немесе мүмкіндіктің болмауынан тәуелсіз қандай мекемелер өз алдына ең үздік саналуы тиіс мемлекеттің жақсы құрылымы жөніндегі мәселені шешумен айналысса керек. «Саясатта» азаматтардың балаларын тәрбиелеу туралы ережелер баршылық, яғни олар музыка мен гимнастиканы үйренулері керек, азаматтар ер балалар мен жастарға мейірімді адамгершілікке, азаматтық игіліктерді үлгі мен нұсқаулық арқылы үйретулері тиіс.

V ғасырдағы ең үлкен шіркеу жазушысы, Әулие Аврелий Августин (354-430 жж.) - «Құдай қаласы туралы» трактатында келтірілген тарихи үрдістің христиандық тұжырымдаманың авторы. Тарихи құбылыстардың айналымы, мәңгі қайталануы ретіндегі антикалық идея тарихына қарсы христиан ойшылы Құдайдың көрегендігімен анықталатын тарих белгілі бір трансцендентті мәнді және түпкі мақсаты бар дей отырып, күнәһарлану дәуірінен бөлінген «Фәни шаһарынан» «Бақи шаһарына» бағытталғандықты қояды.

Августинмен «Бақи шаһары» «Құдайға деген сүйіспеншілікке» негізделген «өз өзін жек көруге» дейін жеткен қауым ретінде түсініледі. «Фәни шаһары» «Бақи шаһарына» қарама-қарсы - «өзін-өзі сүйуге» негізделген «Құдайдан сескенбеуге» негізделген. Тарих «Фәни шаһарынан» «Бақи шаһарына» немесе жердегі пұтшылдықтан түпбейнесі Шіркеу болып табылатын Христос патшалығына жылжуда. («Түсіну үшін сенемін»).

Қайта Өрлеу дәуірінде қоғам, мемлекет шіркеу мәселелеріне қызығушылықтың артуымен ерекшеленеді.

Дәуір ойшылдары зерттеу нәтижесінде туындаған жағдайларды өзгертуге ұмтылған, яғни мінсіз, идеалды мемлекет теориясын құру жолдарын қарастырған. Ой-қорытындылары іске аспағандықтан тарих бетінде өкілдері «утопистер» ретінде қалған. Томас Мор (1478-155-35) - ағылшын гуманисті, жазушы, мемлекет қайраткері, утопиялық социализмнің негізін салушы. Ең алдымен «Утопия» (1516) еңбегінің авторы ретінде қызықты. Кітаптың 2-ші бөлімі қиялдағы Утопия аралының идеалды әлеуметтік құрылымын сипаттауға арналған («жоқ жер»).

Утопияда Платонның «Мемлекетіндегі» сияқты, бәрі ортақ меншікте, өйткені Мор жеке меншік бар жерде қоғам игілігі, қоғамдастырусыз теңдіктің болуы мүмкін емесіне сенімді.

Томаззо Кампанелла (1568-1639) - итальяндық философ, ақын, саясаткер, «Күн Қаласы» (1602) еңбегінің авторы, мінсіз қоғамның үлгісін ұсынған, коммунистік утопияның өзіндік нұсқасы. Кампанелла ойлап тапқан қоғамда жеке меншік жоқ, отбасы жойылады, балалар мемлекетке білім алуға беріледі.

Киімде, күнделікті өмірде және мінез-құлықта бірыңғайлық үстем болған. Әмбебап еңбек қызметі, жалпы еңбек міндеті енгізілген. Мемлекет басында Күн немесе Метафизик деген билеуші тұрған. Ол лауазымын ақылы мен білімпаздығы үшін алған, әрі анағұрлым лайықты үміткер табылғанша билік құрған.

Саясаттың жаңа ғылымының негізін қалаушы итальяндық қоғам қайраткері және ойшылы Николло Макиавелли (1469-1527) болды. Ол өзінің саяси идеологияларын «Әмірші» («Государь»), «Тим Ливийдің алғашқы онжылдығы туралы ойлау» және «Флоренция тарихы» еңбектерінде жүйелі түрде көрсеткен.

Ол саяси өмірді шынай тұрғысынан қарастырды, діни догмалардың әрекетіне бағынбайтындығын көрсетті. Ойшылдың пікірінше, саяси билік қоғам өмірінің басқа да салаларында әрекет жасайтын заңдылықтарға сәйкес келмейтін, тіпті қарама-қайшы өз жеке заңдарымен дамиды. Сонымен бірге, ол пайдалы билік үшін «игілік» - мораль тұрғысынан мүлде ондай емес, басқаша болуы мүмкін екендігін көрсеткен.

Макиавелли саясаттың мәнін, оның қатаң, тіпті кейде қатыгез заңдарын өте жақсы түсінді. Саясат көбінесе моральдық өлшемдерді бұзуға мәжбүр.

«Әмірші» трактатында Макиавелли саяси қағиданың орындылығын дәлелдеді: «өз мақсатына қалай жетсең де дұрыс». Осы қағиданы тұжырымдай отырып, ол саяси әрекеттің мақсаттары мен құралдарының арақатынасын еркін түсіндіруге мүмкіндік берді.

Кейіннен адамгершілік заңдарын елемейтін, билікке ие адамдар мен топтардың жеке пайдасын көздейтін саясат «Макиавеллизм» деген атауға ие болды. Макиавеллидің пікірінше, құралдарды негіздейтін мақсат «ортақ іс» - күшті ұлттық мемлекет, Отан мүдделері. Тек осы үшін саясаткер зұлымдықтың жолына түсіп, арамдық жасауды үйренуі керек. Н. Макиавелли ғылымға мемлекет ұғымын қоғамның жалпы саяси жағдайы, оның белгілі бір саяси ұйымы ретінде енгізді.

Жаңа дәуір ойшылдарының басым көпшілігі бұл мәселені шешуде әлеуметтік атомизм ұстанымына сүйенді. Әлеуметтік атомизм принципі «әлеуметтік келісім» теориясының классикалық түрде Томас Гоббс, Джон Локк және Жан-Жак Руссо жасаған формасын алды. «Әлеуметтік атомизм» жеке тұлғаның қоғам алдындағы құқықтарының басымдылығын, бастапқылығын, үстемдігін атап көрсетеді. Әлеуметтік атомизмді жақтаушылар қоғамның, мемлекеттің құдайдан шыққан идеясын жоққа шығарды.

Жеке тұлғаларды егеменді, тәуелсіз, автономды «атомдар» ретінде қарастыра отырып, қоғамды осындай әлеуметтік атомдардың жиынтығы ретінде көрсетті. Әлеуметтік атомизм ұстанымы өзінің аяқталған түрін XVII ғасырдағы ағылшын эмпиризмі философиясында (Гоббс, Локк) және Француз ағартушылығы (Руссо) ұсынған қоғамның келісіммен шығу теориясында негіздеген. Гоббс және Локк өздері «табиғи күй» деп атаған табиғаттан қоғамға ауысуды мойындаған. «Табиғи күйді» екеуі де абсолютті еркіндік және абсолютті теңдік жағдайы ретінде сипаттайды.

Адамның абсолютті бостандығы, Гоббстың пікірінше, оның еркінің ешқандай ережелер мен заңдармен шектелмейтіндігінде. Гоббс «табиғи күйдегі» адамдардың қарым-қатынасы жағдайын «Адам адамға қасқыр» танымал мәтелімен сипаттайды. Сондықтан, адамдар «әрқайсысының әркіммен соғысы» жағдайында. Өзін-өзі құртуды тоқтататын жалғыз заң - бұл индивидтерді «өзіңізге жасағыңыз келмейтін нәрсені басқаларға жасамаңыз» деген «алтын ережені» ұстануға мәжбүрлейтін өлім қорқынышы, өзін-өзі сақтау инстинкті.

Жан-Жак Руссо (1712–1778) - Еуропалық ағартушылықтың жарқын, танымал тұлғасы. Оның Ағартушылық дәуіріндегі идеялық-саяси күрестегі орны мен рөлін анықтау оңайға түспейді. Руссоның әлеуметтік философиясын әлеуметтік антропология деп атауға болады. Оның Локк, Гоббс, Дидро және басқа ағартушылардан айырмашылығы - адамды таным субъектісі ретінде емес, заңды тұлға, азамат ретінде қызықтыруы. Ең алдымен адам оны әлеуметтік қақтығыстардың қайнар көзі, негізі ретінде қызықтырады. Руссо адам табиғатынан меншіктенуші емес, еркін тіршілік иесі деп есептейді. Руссоның әлеуметтік философиясының орталық мәні –эгалитаризм идеясы (фр. «egalitarisme» – теңдік) – әлеуметтік теңдік жөніндегі ілім.

Өзінің көлемді екі томдық «Ашық қоғам және оның жаулары» атты еңбегін Карл Поппер Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жазды және оны нацизм мен коммунизмді жеңуге қосқан жеке үлесі деп санаған. Бастапқыда ашық қоғам түсінігін ХХ ғасырдың 30-шы жылдары Анри Бергсон тұжырымдаған, алайда Поппер бұл ұғым мәнін ашып, оны ХХ ғасырдағы саяси режимдерді сынға алуда белсенді пайдаланған. Сонымен, ашық қоғам дегеніміз - демократиялық қоғам, сыни тұрғыдан ойлау және дәстүрлілік пен табуларды (тиым) қабылдамау.

Поппер түсінігінде ашық қоғам толығымен демократиялы. Өз кезегінде жабық қоғам, керісінше, дәстүрлі және тыйым салынған, оның ұстанымдары мен ережелері сыни пайымдауға ұшырамайды. Автор пікірінше, ашық қоғам – бұл қатардағы азаматтар бейбіт өмір сүре алатын, еркіндік жоғары бағаланатын, әрі бұл жауапкершілікті қуанышпен қабылдайтын, ой-толғануға және жауапкершілікпен әрекет жасауға болатын демократиялық (буржуазиялық) қоғамның қарапайым түрі. Жауапкершілік – Поппер шақыратын адамның басты қасиеті.

Қоғамдық сана - ерекше рухани құбылыс, болмысты бейнелейді. Сондықтан да қоғамдық болмыспен бір мезгілде және бірлікте пайда болған. Қоғамдық сана - бұл қоғамның рухани өмірін сипаттайтын қоғамда бар идеялар, теориялар, көзқарастар, сезімдер, көңіл-күйлер жиынтығы.

Сананың оны құраушы элементтерге бөлінуі ретінде түсінілетін қоғамдық сананың белгілі бір құрылымы бар. Яғни 2 негізгі деңгейден тұрады:

1) *Қарапайым сана* адамдардың күнделікті тәжірибесі үрдісінде шындықтың сыртқы жағының эмпирикалық көрінісі ретінде стихиялы пайда болады.

Теориялық сана өз алдына елеулі байланыстары мен заңдылықтардың көрінісі, өз мәнін ғылымда және сананың басқа да түрлерінен табады, себебі соңғысы жанама теориялық танымды талап ететін шындықтың сыртқы емес, ішкі жағын қалыптастырады.

2) *Қоғамдық психология* (қоғамдық идеология, көпшілік сана) да адамдардың күнделікті тәжірибесі барысында қалыптасады. Бірақ мұнда қоғамдық сана деңгейінде шындық туралы білім емес, осы білімге деген қатынас, шындықты бағалау басым болып келеді. .

Идеология дегеніміз - адамдардың өмірінің материалдық және рухани жағдайларын, сондай-ақ қоғамдағы қатынастарды нығайтуға немесе өзгертуге бағытталған мақсаттарды көрсететін идеялар мен көзқарастардың тұтас жүйесі. Оның ерекшелігі - ұраншылдығы, бұқаралық санаға назар аудару, бұл кезде сенім факторы білім факторынан басым түседі.

Қоғамдық сана түрлері: *Саяси сана* – әлеуметтік топтар, партиялар, қоғамның билікке деген қатынасын көрсететін идеялар, теориялар, көзқарастар, сезімдер, көңіл-күйлер жиынтығы.

Құқықтық сана - бұл заңдарда көрсетілген міндетті нормалардың, жүріс-тұрыс ережелерінің жүйесі. Әрі бостандықты, әділеттілік пен әділетсіздікті, мемлекеттегі құқықтар мен міндеттерді түсіну және алуан түрлі сезімдер. Негізгі құндылығы – заң.

Адамгершілік санаға қоғамдық игілікпен байланысты адамдардың сезімдері, мұраттары, мүдделері мен көзқарастары, сонымен қатар, қоғамдағы мінез-құлық ережелері, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері туралы білімдер, қоғамдық пікірдегі адамдардың мінез-құлықтарын бағалау кіреді.

XIX ғасыр аяғынан қоғамдық санада адам өміріне және абыройға, басқа өмір мен ойға деген басқаша құрмет, адамдар және табиғатқа деген мейірімді қатынас – жалпыадамзаттық құндылықтар көбірек орнығуда.

Ақпараттық қоғам – жұмыс жасаушылардың көпшілігінің өндіріспен, сақтаумен, асыра істеумен және ақпаратты, әсіресе, оның жоғары түрі - білімді тарату. Ғалымдардың пайымдауынша, ақпараттық қоғамда компьютерлендіру үрдісі адамдарға ақпараттың сенімді көздеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді, оларды күнделікті жұмыстан құтқарады, өндірістік және әлеуметтік салаларда ақпаратты өңдеуді автоматтандырудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Постиндустриалды қоғам - оның технологиялық негізін талдау барысында адамзат қоғамы дамуының негізгі заңдылықтарын түсіндіретін әлеуметтік тұжырымдама. Постиндустриалды қоғам тұжырымдамасының негізін қалаушы Д.Белл. «Болашақтағы постиндустриалды қоғам» (1973) атты кітабында қазіргі батыс қоғамы эконмикада өндірістік сектордың басымдығы және қоғамның соған сай келетін әлеуметтік, саяси құрылымымен — индустриализм аясынан шығып, өзіндік дамудың жаңа кезеңіне кіреді деген тезисті алға тартты.

Желілік қоғам түсінігі қазіргі постиндустриалды дәуірдегі философтар мен әлеуметтанушылардың еңбектерінде көбірек көрініс табуда. Оны негізге ала отырып, американдық әлеуметтанушы М. Кастельс өз атын шығарды. «Желілік қоғам» түсінігі - Мануэль Кастеллстің ақпараттық қоғамының біртұтас теориясының құрамдас бөлігі, ол адам іс-әрекетінің барлық салаларын қамтиды және бізге ақпараттық технологиялардағы революцияның негізгі салдарын бағалауға мүмкіндік береді. Желілік қоғам тұжырымдамасының негізінде түсінігі жүйеде конструктивті өзгерістер туғызатын білім ретінде ақпарат ұғымы жатыр.

Ашық қоғам - батыстың бірқатар әлеуметтік-философиялық ілімдерінде көне ежелгі және қазіргі заманғы демократиялық қоғамдарға анықтау үшін қолданылатын тұжырымдама. Әдетте, бұл дәстүрлі қоғамдарға, сондай-ақ тоталитарлық саяси режимдерге қарсы. «Адамгершілік және діннің екі қайнар көзі» еңбегінде ашық қоғам «динамикалық» мораль мен дінге ие, ұдайы өндіру, текті сақтау, т.б.мәселелері емес, адамзат баласының барлығының игілігі басты мақсаты болған «моральдық кейіпкерлерден», гуманистік бағыттағы діни қайраткерлерден тұратын әлдебір идеалды қоғамдық құрылыс аналогы болды.

Урбанизация - бұл қалалық елді мекендердің өсуімен, олардағы халықтың шоғырлануымен, әсіресе ірі қалаларда, қалалық өмір салтының елді мекендердің бүкіл желісіне таралуында көрінетін әлеуметтік-экономикалық үрдіс. Қала бірден қоныс аударудың басым түріне айнала алмады. Ғасырлар бойы қала тіршілік формалары негізінен күнкөріс шаруашылығы мен жеке еңбекке негізделген өндіріс түрлерінің үстемдігіне байланысты болған. Қала мен ауыл арасындағы қатынастар өндіргіш күштердің дамуының әсерінен өзгере бастайды. Қала өндірісінің кеңеюінің арқасында қала халқының салыстырмалы саны едәуір тез өсті.

Адамзат мәдениеті бай, әрі көптүрлі. Ол қоғамның ежелгі сатысынан пайда болып, оның тарихымен тығыз байланысты. Әр халық әлемдік және отандық мәдениеттің жалпы қорына өз үлесін қосады. Қоғамда мәдениеттің қорлануы, құндылықтар мен жетістіктерді тудыру және тарату үдерістері әрқашанда жүзеге асуда. Бізді қоршаған бүкіл әлем – бұл мәдениет әлемі. Мәдениеттің маңызды белгісі – оның бәрімен байланыстылық сипаты, қоғам мен тұлғаның барлық салаларына тікелей байланысты. «Мәдениет» сөзі әлем халықтарының барлық тілінде бар.

Мәдениеттану – адам және қоғам туралы әлеуметтік және гуманитарлық білімдер тоғысында қалыптасқан, мәдениетті тұтастық, өзіндік қызметін және адамдық болмыс үлгісі ретінде зерттейтін ғылым.

Танымал австралиялық психолог Зигмунд Фрейдтің (1856-1939) психологиялық ілімі мәдениеттің бейсаналылық бастауына, ең бастысы жыныстық энергияға тым асырылған рөл берілген биологизациялық тұжырымдамасын негіздеген.

Ұлттың өзіндік келбетін танытатын оның –рухы, асқақтаған жігер-қайраты, әрі өз елінің мүддесі мен тағдыры жолындағы қайсарлығы мен ерлігі. Осындай болашаққа, жасампаздыққа ұмтылыстар алға қойған асыл арман – мызғымас тәуелсіз мемлекет орнату жөніндегі ұлы мақсат-мұраттарға айналған еді. Көкірек түбінен халықтың мұратына, ізгі тілегіне айналған сара жолды игеру жеке тұлғалардың көпшілік алдындағы жауапкершілігін арттыра түскен болатын. Олар өмір сырын тереңінен бағдарлай отырып, халқына жанашырлықпен елдік пен қайсарлыққа үндеген. Міне, осы міндеттерді жауапкершілікпен атқарған ақын-жырауларымыз қазақ философиясының рухын асқақтатқан өршіл намыстың жаршылары болған еді.